

Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама ережелері

1-тарау. Ұғымдар және қысқартулар

1. Егер осы Жеке тұлғаларға арналған бонустық бағдарлама ережелерінің (бұдан әрі – Ереже) мәтінінде Банк өзгеше айқындамаса, Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мен қысқартулардың мынадай мағыналары бар:

1) **Акциялық бонустар** – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде төлем көзінен жеке табыс салығын және әлеуметтік төлемдерді ұстай отырып, Банк/серіктес қаражаты есебінен Бонустық шотқа Банктің есептейтін шартты бірліктері. Акциялық бонустың құнын Банк теңгеге эквивалентте белгілейді;

2) **Банк** – «First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы;

3) **Эквайер банк** – сауда және сервис кәсіпорнына қызмет көрсететін банк;

4) **Бонустар** – Карточка/QR байланған ағымдағы шотты пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырғаны үшін Бірыңғай бонустық шотқа Банк есептейтін шартты бірліктер. БШ-ға Бонус есептелетін қолма-қол ақшасыз төлемдердің түрлері мен шарттары Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген. Бонустың құнын Банк теңгеге эквивалентте белгілейді;

5) **Бонустық шот (БШ)** – Карточка эмиссиясы сәтінде Банк әрбір Клиентке ашатын және онда Банк Бонустар және/немесе Акциялық бонустар бойынша операциялардың: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығарудың есебін және белсенді қалдық есебін жүргізетін, банктік болып табылмайтын шот;

6) **Қосымша бонустық шот (ҚБШ)** – Банк Клиентке Family Card эмиссиясы кезінде ашатын және Банк Бонустар және /немесе Ақиялық бонустар бойынша операцияның есебін жүргізетін банк емес шот: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару және баланстың белсенді қалдығы;

7) **Жалақы жобасы** - Банкпен жалақы аудару туралы шарт жасасқан ұйымдар қызметкерлерінің пайдасына ағымдағы шоттар ашу, Төлем карточкаларын шығару және жалақы сомаларын және оларға теңестірілген басқа да төлемдерді аудару жөніндегі Банктің қызметі

8) **Карточка** – Банкпен жасалған жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартына/банктік шотты ашу және оған қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және оған қызмет көрсету туралы Шартқа және төлем карточкасын беру туралы басқа шартқа сәйкес Клиентке тауарды/қызметті сатып алу үшін қолма-қол ақшасыз тәртіппен төлем жасауға және басқа да операциялар жасауға мүмкіндік беретін, Банк шығаратын төлем карточкасы;

9) **Сатып алу категориясы** – МСС немесе басқа өлшемшарт бойынша топтастырылған, Мобильді қосымшада белгілі бір деңгеймен, Ережелердің қосымшасында айқындалған Банктен/Серіктестен Бонустарды/Акциялық бонустарды есептеудің жоғары мөлшерімен Клиент таңдаған және/немесе қосқан серіктестер категориясы;

10) **Клиент** – Банкпен Жеке тұлғаға банктік қызмет көрсетудің кешенді шартын / банктік шотты ашу және қызмет көрсету, төлем карточкасын беру және қызмет көрсету туралы шартты жасасқан жеке тұлға, карточка ұстаушы;

11) **Мобильді қосымша** – Клиентке Банктің электрондық банктік қызметтеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін, мобильді құрылғыда (смартфон, планшет және т.б.) іске қосылған Банктің бағдарламалық жасақтамасы;

12) **Серіктес** – Банкпен клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қарым-қатынастары бар тұлға;

13) **Есептік кезең** – Клиентке оның белсенділігін көрсетуге және карточка бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер жүргізуге бөлінетін, ұзақтығы күнтізбелік айға тең кезең (Ереженің 1-кестесінде толығырақ);

14) **Бонустарды/Акциялық бонустарды жұмсау** – Бонустарды/Акциялық бонустарды пайдалана отырып, Клиенттің карта арқылы қол жеткізуге болатын ағымдағы шоты арқылы тауарлар/қызметтер төлемі жүргізілетін транзакция;

15) **Деңгей** – Бонустарды ұсыну және сатып алу категорияларын таңдау шарттарын анықтайтын сипаттама. Деңгей Карточкалар бойынша алдыңғы есеп айырысу кезеңінде Клиенттің жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдеріне және белсенділігіне байланысты ұсынылады. Деңгейді Банк Клиентке мобильді қосымшада алдыңғы есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейінгі бірінші айдың бірінші күнінен бастап автоматты түрде береді және ағымдағы есеп айырысу кезеңі ішінде қолданыста болады;

16) **15) Family Card - Клиент көрсеткен үшінші тұлғаларға Мобильді қосымшаға қол жеткізуді ұсына отырып, қосымша карточка(-лар) шығаруды және шот(-тар) ашуды көздейтін Банктің отбасылық өнімі;**

17) **Merchant Category Code (MCC)** – эквайер-банк беретін сауда және сервис кәсіпорны қызметінің түрін айқындайтын төрт таңбалы код;

18) **QR** – Клиентті, тауар (жұмыс, қызмет) туралы деректерді, Карточка байланған ағымдағы шоттың деректемелерін сәйкестендіруге, сондай-ақ Банк қабылдайтын визуалды машинада оқылатын штрих-кодтарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды жүргізуге нұсқау беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Банк қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, операциялар, электрондық ақпараттық және транзакциялық банк қызметтерін жасау технологиясы.

2-тарау. Кіріспе

2. Ережелер Банктің бонустарды есептейтін талаптарын, оларды Банктің есепке алуын және бонустарды жұмсау жүзеге асырылатын талаптарды айқындайды.

3. Ереже сатып алу деңгейлері мен категорияларының түрлерін, оларды айқындау/таңдау тәртібін белгілейді.

4. Ережелер ашық ақпарат болып табылады және банктік құпияны немесе коммерциялық құпияны қамтымайды.

5. Банктің Акциялық бонустарды есептейтін талаптарын Банктің уәкілетті органы айқындайды, егер Банктің уәкілетті органының шешімінде өзгеше көрсетілмесе, Акциялық бонустарды пайдалану тәртібін және басқа да талаптарды Ереже реттейді.

3-тарау. Деңгей түрлері

6. Клиенттерге қызмет көрсету кезінде Банк 4 (төрт) деңгейді ұсынады:

1) «Family»;

2) «Silver»;

3) «Gold»;

4) «Premium».

7. Әр деңгей үшін Банк өзінің бонустарының мөлшерін белгілейді. Деңгейлерді Банк өз бетінше өзгерте және/немесе толықтыра алады.

8. Тиісті Деңгейдің талаптары, Бонустардың мөлшері және Сатып алу категорияларының санын таңдаудың қолжетімділігі сәйкесінше 1-кестеде және 2-кестеде берілген.

1-кесте

| Деңгей талаптары (Деңгейге жету үшін төменде көрсетілген барлық талаптарды сақтау керек) | «Family» | «Silver» | «Gold» | «Premium» |
|--|---|---------------------|--|---|
| Алдыңғы есептік кезеңде Клиенттің барлық карточкалары бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдер | талаптар жоқ | талаптар жоқ | 70 000 (жетпіс мың) теңгеден бастап немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады) | 120 000 (жүз жиырма мың) теңгеден бастап немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады) |
| Өткен есептік кезеңде Банкте ашылған банктік салым(-дар)да (тек мерзімді жинақ ақша шоттары) Банктің операциялық күнінің соңында күнделікті ақша қалдықтарының болуы | талаптар жоқ | талаптар жоқ | талаптар жоқ | 500 000 (бес жүз мың) теңгеден кем емес немесе немесе шетел валютасындағы баламасы (есептеу кезінде Банктің бағамы алынады) |
| Клиентті сегментке бөлу бар | талаптар жоқ | талаптар жоқ | талаптар | талаптар |
| Банк шығарған дебеттік төлем картасының болуы | "Family card"өнімі бойынша қосымша карточка | кез келген Карточка | кез келген Карточка | кез келген Карточка |

*Міндетті талап емес. Бұл талап болған жағдайда, 2-кестеде көрсетілген мөлшерге қосымша 1 % қосылады.

** Клиент Есепті кезеңде банктік салымды жауып, жаңасын ашатын жағдайда, осы банктік салым келесі Есепті кезеңде «Premium» деңгейін анықтаған кезде есепке алынбайды.

2-кесте

| Бонус мөлшері және сатып алу категорияларының қолжетімді таңдауы | | | | |
|---|-----------------|-----------------|---------------|------------------|
| Деңгей | «Family» | «Silver» | «Gold» | «Premium» |
| Ағымдағы есептік кезеңдегі Бонус мөлшері ¹ | 1 %* | 0,5 % | 1 % | 2 % |
| Есептік кезеңдегі Мобильді қосымшадағы Сатып алу категориясының (категорияларының) қолжетімді таңдауы | 2 | 1 | 2 | 4 |

* "Family" санаты шеңберінде бонустардың 5% 31.07.2023 жылға дейін есептеледі

9. Сатып алу категориясын таңдау опциясы Мобильді қосымшада қарастырылған және өз құрамында Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілге сатып алу категорияларын қамтиды. Сатып алу категорияларының тізімі және олардың аясында есептелетін Бонустардың мөлшері Ережелердің 1-қосымшасында көрсетілген. Сатып алу категорияларының тізімін және Бонустардың мөлшерін Банк біржақты тәртіпте анықтайды.

10. Әрбір деңгейде Клиент 1 (айына бір рет) сатып алуларының қажетті санатын (санаттарын) қосуды таңдауға болады. Клиент таңдаған Сатып алу категориялары Есеп айырысу кезеңінің қолданыста болатын айының соңғы күніне дейін жарамды болады. Банк Клиентке Мобильді қосымшада Сатып алудың белгілі бір санаттарын дербес орнатып, қосуға құқылы.

11. Банк деңгей берген күннен бастап Клиент қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыратын ағымдағы есеп айырысу кезеңі басталады. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алу Деңгейді беру сәтінде Банкке келіп түскен қаржы құжаттары бойынша жүргізіледі. Бұл ретте бонустардың деңгейін айқындау және есептеу мақсаттары үшін қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алуға Ережелердің 1-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген операциялар кірмейді.

12. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін Банк Клиенттің алдыңғы есеп айырысу кезеңіндегі қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша белсенділігін талдайды және келесі айдың бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей ағымдағы есеп айырысу кезеңіндегі деңгейін анықтайды. Талдау нәтижелері бойынша Клиентке әрбір есептік кезеңде тиісті деңгей беріледі, оны Банк мобильді қосымшада көрсетеді. Карточкасы Жалақы жобасына қосылған Клиенттердің санаттары үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес алдыңғы есептік кезең үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін немесе деңгейге қойылатын өзге де талаптарды есепке алмағанда неғұрлым жоғары деңгей беру көзделген.

¹ Ережелерге 1-қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген төлем түрлері бойынша шектеулер бар

² Бонустарды есептеу, сондай-ақ Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тізбеге сәйкес сатып алу санаттарында төмендетілген немесе жоғарылатылған бонустарды төлеу бойынша ерекшеліктер бар

13. Клиент Есеп айырысу кезеңінде жасалатын қолма-қол ақшасыз төлемдердің ең жоғары сомасын өз бетінше анықтайды.

4-тарау. Бонустар есептеу тәртібі

14. Осы Тарауда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банктің бонустарды есептеуі Деңгейге сәйкес және байланыссыз төлемді қоса алғанда Карточканы немесе оның деректемелерін пайдаланумен POS-терминалдар арқылы немесе Интернет желісінде (электронды дүкендер), операцияларды авторизациялау кезінде QR-код арқылы жүргізілген Клиенттің қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша аналитикалық деректердің негізінде жүргізіледі, ал БШ/ҚБШ-да Бонустарды есепке алу (есептеу) эквайер банктердің қаржы құжаттарының түсуіне байланысты жүзеге асырылады. Ережелердің 1-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген операцияларды қоспағанда, Бонустар есептеу үшін Банк Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген сауда және сервис кәсіпорындарында/серіктестерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде Интернет желісінде жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз төлемдерді есепке алады.

15. Бонустарды есептеу бойынша шарттар мен ерекшеліктер, бір қолма-қол ақшасыз төлем бойынша және бір ай үшін бонустың ең жоғары сомасы Ережелердің қосымшасында көрсетілген.

16. МСС-ерекшеліктерге жататын немесе төмендетілген бонус төлеумен сауда және сервис кәсіпорындарында сатып алу үшін деңгейге сәйкес бонустардың орнына Ережелерге қосымшада белгіленген мөлшерде бонустар есептеледі.

17. Сатып алудың әрбір категориясында сатып алу үшін, оны мобильді қосымшада Клиент таңдаған немесе Банк белгілеген жағдайда, жоғары мөлшердегі бонустар есептеледі. Мұндай бонустардың мөлшері мобильді қосымшада көрсетіледі. Егер клиент мобильді қосымшада сатып алу категориясын (категорияларын) таңдамаған жағдайда немесе сатып алу МСС таңдалған сатып алу категориясына сәйкес келмейтін сауда және сервис кәсіпорнында жасалған болса, жоғарылатылған бонус есептелмейді, Клиент Деңгейіне сәйкес Бонус алады.

18. Банк эквайер-банктердің сауда және сервис кәсіпорындарының МСС кате берілуін қадағаламайды.

19. Есептелген Бонустар туралы ақпарат мобильді қосымшада қолжетімді.

5-тарау. Басқа шарттар

20. Банк Ережелерге өзгерістерді және/немесе толықтыруларды Ережелерді жаңа редакцияда немесе Ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар мәтінін Банктің интернет-ресурсында/Мобильді қосымшада орналастыру арқылы біржақты тәртіппен енгізеді. Банк Ережелердің күшін жоюы мүмкін. Банк клиенттерге Банктің интернет-ресурсында және/немесе мобильді қосымшада маркетингтік және/немесе ақпараттық хабарламалар беру арқылы Ережелердің өзгергені және/немесе толықтырылғаны туралы не олардың жойылғаны туралы хабарлауға құқылы. Егер Банк өзгеше көрсетпесе, Ережелерге өзгерістер және/немесе толықтырулар олар Банктің интернет-ресурсында/мобильді қосымшада жарияланған сәттен бастап жарамды болады.

21. Бонустарды/Акциялық бонустарды тек Мобильді қосымшада жүзеге асырылады.

22. Банк Клиенттерге арнайы акциялар/ұсыныстар және олардың шарттары туралы тиісті ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында немесе мобильді қосымшада және/немесе Банктің таңдауы бойынша Клиент үшін басқа да қолжетімді тәсілмен орналастыру арқылы хабарлайды.

23. Клиенттің бастамасы бойынша Карточканы/Family Card жапқан кезде БШ/ҚБШ-да Клиент пайдаланғысы келмейтін қалып қалған бонустар болған жағдайда, Бонустар автоматты түрде жойылады. Карта тіркелген ағымдағы шотты жапқан және ол Карточка

тіркелген ағымдағы шот бойынша соңғы операциядан кейін 6 (алты) ай ішінде Банк жүйесінде белсенді болмаған жағдайда Бонустар қалдығы автоматты түрде жойылады.

24. 24. Клиентте Карточкасы тіркелген ағымдағы шоттардың кем дегенде біреуінде бұғаттау болған жағдайда (тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру, орындалмаған инкассалық өкімдердің, төлем талаптарының және т.б. болуы) Бонустарды/Акциялық бонустарды жұмсау жүзеге асырылмайды. Клиент Карточка тіркелген ағымдағы шотты бұғаттау сәтінде Бонустар/Акциялық бонустар есептеумен жүзеге асырылған сатып алуды жойған/қайтарған жағдайда, Банктің БШ / ҚБШ-ға бонустар / акциялық бонустар есептемеуге құқығы бар.

25. Банк қолма-қол ақшасыз төлемдер үшін Бонустар есептемеуі мүмкін, егер Клиент керісінше растағанға дейін Ережелердің шарттарын теріс пайдалануға күдік болса (тауар чектерін және басқа құжаттарды, оның ішінде Банктің сұрауы бойынша ұсынылатын құжаттарды ұсыну).

Банктік деректемелері:

«Jusan Bank» АҚ,

А26F8Т9, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй

БСН 920140000084

Қалалық телефон: +7 (717) 258-77-11, мобильді телефоннан: 7711

E-mail: info@jusan.kz

Банктің интернет ресурсы: www.jusan.kz

Жеке тұлғаларға арналған
бонустық бағдарламаның ережелеріне 1-қосымша

Карточкалардың санына, оның ішінде басқа карточкалық өнімдердің санына қарамастан 1 (бір) клиентке есептелетін Бонустардың ең көп сомасы:

- "Silver" деңгейіндегі Клиенттер үшін айына 15 000 (он бес мың) бонустан артық емес* ;
- "Gold" және "Family" деңгейіндегі Клиенттер үшін айына 25 000 (жиырма бес мың) бонустан артық емес* ;
- "Premium" деңгейіндегі клиенттер үшін айына 40 000 (қырық мың) бонустан артық емес* ;
- «Private Banking» сегментіне жататын Клиенттер үшін, сондай-ақ Jusan рау премиалды жалақылық дебеттік карточкасы бойынша айына 50 000 (елу мың) Бонустан* көп емес.

Жүргізілген 1 (бір) транзакция (қолма-қол ақшасыз төлем) үшін есептелетін Бонустың ең көп мөлшері -10 000 (он мың) Бонустан* көп емес.

**Бір айға және бір транзакцияға (қолма-қол ақшасыз төлемге) Бонустар есептеу лимиттері Карточканы және оның деректемелерін пайдаланып отырып жасалған барлық қолма-қол ақшасыз төлемдерге, сондай-ақ Jusan QR көмегімен жасалған төлемдерге таралады.*

Бонустың құны: 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңгеге тең.

Бонус Қазақстан Республикасында тіркелген сауда және сервис кәсіпорындарда жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз операциялар бойынша ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жердегі Интернет операциялар бойынша қолданылады.

Бонустарды Мобильді қосымшасында мынадай операцияларға жұмсауға болады:

- Jusan Дүкенде тауарлар мен қызметтерді төлеу;
- «Төлемдер» бөліміндегі қызметтер (букмекерлік контораларға төлемдерді, салықтар мен айыппұлдарды, МҚҰ және қарыздарды өтеуді, басқа қызметтерді қоспағанда);
- «Билеттер» бөлімінде іс-шараларға билеттер сатып алу;
- «Саяхаттар» бөлімінде ТЖ және Әуе билеттерін сатып алу.

Карточкасы "Gold" тарифтік пакеті шеңберінде жалақы жобасына қосылған Клиенттер үшін осы қосымшаға сәйкес алдыңғы есептік кезең үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін немесе деңгейге қойылатын өзге талаптарды есепке алмағанда "Gold" деңгейін беру көзделген. "Gold" деңгейін беру есептік кезеңнің соңғы күнінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Клиент төлемдер көлемін және "Premium" деңгейіне сәйкес келетін өзге де талаптарды қамтамасыз еткен жағдайда неғұрлым жоғары деңгей ("Premium") беруге болады.

Карточкасы "Elite" тарифтік пакеті шеңберінде Жалақы жобасына қосылған Клиенттер, сондай-ақ Жалақы жобасына қосылған компаниялардың басшылары болып табылатын Банктің дебеттік сыйлықақы карточкаларын (Жалақы жобасына қосылған сыйлықақы карточкалары) ұстаушылар үшін алдыңғы есеп айырысу кезеңі үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін есепке алмағанда немесе "Premium" деңгейін беру көзделген осы Қосымшаға сәйкес деңгейге қойылатын өзге де талаптар.

Есеп айырысу кезеңінде тарифтік пакет (мысалы, "Basic", "Gold", "Elite" немесе өзге пакет) өзгерген жағдайда, есеп айырысу кезеңінің соңғы күнінде есеп айырысу кезеңінің соңғы күніндегі жағдай бойынша тарифтік пакет айқындалған деңгейді беру жүзеге асырылады.

"Basic" тарифтік пакеті шеңберінде деңгейді айқындау есептік кезең үшін қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемін немесе деңгейге қойылатын өзге де талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

Сатып алу категориялары және олардың сипаттамасы

1-кесте

| Категория | Бонус | МСС | Сипаттама |
|--|---------------|----------|---|
| Jusan Дүкен** | 25%-ға дейін* | | Үйге жеткізу мүмкіндігімен Интернеттегі сатып алу ақысын төлеу. Азық-түлік дүкендері, үйге арналған тауарлар, техника және көптеген басқа |
| | | | Сауда және сервис нүктелерінде және Jusan Дүкеннің сервис-серіктестерінде QR арқылы кредитке/бөліп төлеуге сатып алынған тауарлар/қызметтердің ақысын төлеу |
| Сақтандыру** | 25% | | Мобильді қосымшасы арқылы сақтандыру полисін төлеу |
| Jusan Mobile** | 15% | | Mobile мобильді нөмірінің теңгерімін толықтыру |
| Jusan QR** | 0,5% | | Jusan Tole-дің POS-терминалдары арқылы Мобильді қосымшаның QR-сканерін пайдаланумен сатып алуды төлеу (дебеттік төлем карталары үшін) |
| Билеттер | 4% | | Мобильді қосымшада «Билеттер» бөлімінде сатып алу ақысын төлеу. |
| Супермаркеттер** (Банктің жалақы жобаларының қатысушылары үшін) | 5% | 5411 | Бакалея дүкендері, супермаркеттер, әмбебап дүкендер |
| Кафелер және мейрамханалар | 5% | 5814*** | Жылдам тамақтану мейрамханалары (Fast Food), кофейнялар |
| | | 5462 | Нан өнімдері |
| | | 5441 | Кондитерлік дүкендер |
| | | 5811 | Провизия жеткізушілер |
| | | 5812*** | Кафе, мейрамханалар |
| | | 5813 | Бар, дискотекалар, түнгі клубтар және таверналар |
| Тамақ жеткізу | 5% | 5812**** | Тапсырыстың ақысын Интернетте төлеумен (е-сom сатып алу) дайын тамақты мейрамханалардан және кафелерден |
| | | 5814**** | куррьер арқылы жеткізу |

* Бонустың нақты мөлшерін Банк біржақты тәртіпте белгілейді және Jusan Дүкенде тауарлы/қызметті сатып алу сәтінде немесе Мобильді қосымшасында көрсетіледі

** Банк белгілеген Сатып алу категориясы барлық Деңгейлерге қолданылады

***Интернетте жасалған (е-сom сатып алулар) МСС-тердегі сатып алу төлемдерін қоспағанда

**** Нақты төлем терминалы арқылы жасалған (е-сom сатып алулар емес) МСС-тердегі сатып алу төлемдерін қоспағанда

| | | | |
|------------------------------|-----|------|---|
| Киім және аяқкиім | 5% | 5691 | Ерлер және әйелдер киімі және аксессуарлар дүкендері |
| | | 5681 | Ішік бұйымдарын дайындау және сату |
| | | 5621 | Әйелдер киімі дүкендері |
| | | 5137 | Ерлер, әйелдер, балалар киімі және коммерциялық киім |
| | | 5611 | Ерлер киімі және аксессуарлары дүкендері |
| | | 5651 | Бүкіл отбасыға арналған киім дүкендері |
| | | 5631 | Әйелдерге арналған аксессуарлар және киім |
| | | 5655 | Спорт киімі, атпен жүруге және мотоцикл айдауға арналған киім |
| | | 5661 | Аяқкиім дүкендері |
| | | 5941 | Спорт киімі және тауарлары дүкендері |
| | | 5699 | Түрлі киім және аксессуарлар дүкендері |
| Балаларға арналған тауарлар | 5% | 5641 | Балалар киімдері, бұйымдары және аксессуарлар дүкендері |
| | | 5945 | Ойыншық, ойындар және хобби-тауарлар дүкендері |
| Такси**** | 7% | 4121 | Жолаушыларды автокөліктермен және такси қызметтерінде тасымалдау бойынша қызметтер. |
| | | 4784 | Жолдармен, трассалармен және көпірлермен жүргені үшін баж салықтарға сәйкес келетін төлемдерді жинайтын сауда нүктелері. |
| Сұлулық салондары, Косметика | 5% | 5977 | Парфюмерия дүкендері |
| | | 7230 | Сұлулық салондары және шаштараздар |
| | | 7298 | Денсаулық салондары (дербес және терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары) |
| Кино және музыка онлайн**** | 15% | 5815 | Фильм және музыка сервистері: Megogo, Netflix, Amedia, Amediateka, Ivi.ru, Yandex plus, Spotify, Apple music және т.б. |
| | | 4899 | |
| | | 5968 | |
| | | 7841 | |
| | | 5818 | |
| | | 5735 | |
| Фитнес және SPA | 5% | 7941 | Кәсіби және әуесқойлық спорт клубтары, спорт алаңдары және спорт промоутерлері |
| | | 7997 | Мүшелік клубтар (спорт, ойын-сауық); қала сыртындағы клубтар және гольфқа арналған жеке алаңдар, жүзу клубы, теннис, ату клубтары, боулинг-лигалар, атпен жүруге арналған клубтар |
| | | 7911 | Би залдары, студиялар және мектептер |
| | | 7297 | Массаж қызметін ұсынатын терапевтік қабылдау бөлімдері. Олардың кейбіреуі бетті уқалау және ароматерапия секілді жеке процедуралар ұсынуы мүмкін |
| | | 7298 | Сұлулық салондары (дербес және терапевтік қызметтер: бет күтімі, массаж, балшық ванналары, шөптермен орау, күнге күйе процедуралары, гидромассаж ванналары, бу моншалары) |
| | | 7032 | Рекреациялық және спорт лагерьлері |

| | | | |
|-----------------------|---|-----------|---|
| Жиһаз | 5% | 5712 | Жабдық, жиһаз және тұрмыстық бұйымдар (электр жабдықтарынан басқа) |
| Ойын сервистері**** | 10% | 5817 | Цифрлық тауарлар – қосымшалар |
| | | 5816 | Цифрлық тауарлар – ойындар |
| | | 5734 | Бағдарламалық жасақтама |
| | | 5818 | Цифрлық тауарлар – мультикатегория |
| Медициналық қызметтер | 5% | 4119 | Жылдам медициналық көмек |
| | | 8011 | Дәрігерлер (басқа рубрикаларда жіктелмеген) |
| | | 8021 | Стоматологтар және ортодонттар |
| | | 8031 | Остеопаттар |
| | | 8041 | Хирургтар |
| | | 8042 | Оптометристер және офтальмологтар |
| | | 8049 | Ортопедтер |
| | | 8050 | Науқастарға күтім жасау және денсаулық күтімі бойынша қызметтер, қарттарға арналған үйлер, хоспис мекемелері және ұзақмерзімді күтім жасауға арналған басқа мекемелер |
| | | 8062 | Ауруханалар |
| | | 8071 | Медициналық және стоматологиялық лабораториялар |
| 8099 | Медициналық қызметтер және медициналық қызметкерлер (басқа рубрикаларда жіктелмеген). | | |
| Саяхаттар | 5% | 3000-3350 | Әуе желілері, әуе компаниялары |
| | | 4511 | Әуе желілері, әуе компаниялары – басқа жерде жіктелмегендер |
| | | 4722 | Туристік агенттіктер және экскурсия ұйымдастырушылар. |
| | | | Мобильді қосымша арқылы төлеу |
| Жануарлар | 5% | 0742 | Ветеринарлық қызметтер |
| | | 5995 | Зоодүкендер |
| Білім беру | 5% | 8211 | Мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері |
| | | 8220 | Колледж, университет қызметтері |
| | | 8241 | Сырттай мектеп қызметтері |
| | | 8244 | Білім беру мекемелерінің қызметтері: бизнес және референттік |
| | | 8249 | Кәсіптік-техникалық мектептің қызметтері |
| | | 8299 | Білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер мен білім беру |

**** Накты төлем терминалы арқылы жасалған (е-сом сатып алулар емес) MCC-тердегі сатып алу төлемдерін қоспағанда

2-кесте

Бонус келесідей MCC категорияларға ие POS-терминалдардағы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша есептелмейді:

| Атауы | MCC | Бонус |
|-------|-----|-------|
|-------|-----|-------|

| | | |
|--|---|----|
| Қолма-қол ақша алу | 6011 Банкоматтан қолма-қол ақша алу | 0% |
| | 6010 Банкте немесе кассадан қолма-қол ақша алу | |
| Ақша аударымдары, ақша есепке алу | 4829 Ақша аудару | 0% |
| | 6531 Қызметтер төлеу – ақша аударымдары | |
| | 6532 Төлем операциясы – қаржы мекемесі | |
| | 6533 Төлем операциясы – сатушы | |
| | 6534 Ақша аудару – қаржы мекемесі | |
| | 6536 Ел ішінде картадан картаға ақша аудару | |
| | 6537 Елдер арасында картадан картаға ақша аудару | |
| | 6538 Картадан картаға ақша аударымдары– есептен шығару | |
| | 6540 Алдын ала төленген банктік емес карталарды, шоттарды толықтыру | |
| Сауда мәмілелері және банктер мен қаржы ұйымдары көрсететін қызметтер | 6012 Қаржы мекемелері – сауда және қызметтер | 0% |
| Мемлекеттік және кеден төлемдері | 9399 Мемлекеттік қызметтер | 0% |
| Ставкалар мен париді төлеу, казино фишкаларын, шетел валютасын, асыл металдар мен бағалы қағаздарды сатып алу; пайлармен қаржы мәмілелерін төлеу, ломбардтар | 7995 Казино және құмар ойындар | 0% |
| | 6050 Квази-Кэш – Қаржы мекемелері | |
| | 5094 Асыл тастар мен металдар, сағаттар мен зергерлік бұйымдар | |
| | 6051 Квази-Кэш – Қаржылық емес мекемелер | |
| | 6211 Бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік қызметтер | |
| | 6529 Алдын ала төленетін картаны толықтыру | |

| | | |
|--|--|----|
| | 6530 Алдын ала төленетін картаны толықтыру | |
| | 9223 Кепілдер және облигациялар бойынша төлемдер | |
| | 9754 Букмекерлік қызметтер | |
| | 7800 Мемлекеттік лотереялар (АҚШ) | |
| | 5933 Ломбардтар | |
| Мобильді байланысты, интернетті және ақылы теледидар қызметтерін төлеу бойынша операциялар | 4812 Телекоммуникациялық жабдық | 0% |
| | 4813 Жергілікті және алыс телефон қоңырауларын ұсынатын телеком пернелік енгізудің сауда нүктелері | |
| | 4815 Мастерфон телефон қызметтері | |
| | 4814 Телекоммуникация қызметтері | |
| Компьютерлік және басқа ақылы қызметтер | 4816 Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер | 0% |
| | 4821 Телеграф қызметтері | |
| | 4899 Кабельдік, спутниктік және басқа ақылы телерадио қызметтері | |
| | 7372 Компьютерлер және мәліметтерді өңдеу | |
| Сақтандыру бойынша қызметтерді төлеу | 5960 Тікелей маркетинг – сақтандыру қызметтері | 0% |
| | 6300 Сақтандыру компанияларының қызметтері | |
| Басқа | 7399 Бизнес қызметтер | 0% |
| | 7276 Салықтық дайындау қызметі | |
| | 7311 Жарнама қызметтері | |
| | 6399 Сақтандыру | |
| | 6535 Қаржы қызметтері | |
| | 7299 Түрлі қызметтер | |
| | 8999 Басқа жерде көрсетілмеген қызметтер | |

| | | |
|--|---|----|
| | 9402 Мемлекеттік пошта қызметтері | |
| Мемлекеттік қызметтер, оның ішінде салық төлемдері | 9211 Сот төлемдері | 0% |
| | 9222 Айыппұлдар | |
| | 9223 Кепілдер және облигациялар бойынша төлемдер | |
| | 9311 Салықтар | |
| Коммуналдық төлемдер | 4900 Коммуналдық төлемдер | |
| Авто және жүк көліктеріне қызмет көрсету | 5511 Жеңіл және жүк көліктерін сату | 0% |
| | 5521 Ұсталған жеңіл көліктерді және жүк көліктерін сату | |

Төмендетілген Бонус келесідей МСС категориясы бар POS-терминалдардағы қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша есептеледі:

| Атауы | МСС | Мөлшерлеме |
|-----------------|--|------------|
| Білім беру***** | 8211–мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері | 0,5% |
| | 8220 –колледж, университет қызметтері | |
| | 8241 – сырттай мектеп қызметтері | |
| | 8244 – білім беру мекемелерінің: бизнестің және референттіктің қызметтері | |
| | 8249 – кәсіби-техникалық мектеп қызметтері | |
| | 8299– білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер және білім | |
| Әртүрлі | 6513 – жылжымайтын мүлік агенттігінің қызметтері | 0,5% |
| | 7523 – автокөлік тұрағын төлеу | |
| | 5300 – көтерме сауда (көтерме бағамен сатылатын тауарлардың кең сұрыпталымына ие сауда нүктелері). | |

| | | |
|------------------|---|------|
| | 8398 – қайырымдылық ұйымдары | |
| Ауыл шаруашылығы | 0763 – ауыл-шаруашылық кооперативтік қоғамдар | 0,5% |
| | 0780 – ландшафты және бағбандық дүкендер | |
| | 4225 – қоғамдық пайдаланудағы қоймалық сақтау | |

МСС категориялар тізімін Банк біржақты тәртіпте толықтыра және қысқарта алады.

"Family" деңгейіне арналған сатып алу санаттары және олардың сипаттамасы
4-кесте

| Категориясы | Бонус | МСС | Сипаттамасы |
|-----------------------------|-------|----------|---|
| Jusan QR** | 0,5 % | | Jusan Tole POS-терминалдары арқылы Мобильді қосымшасының QR-сканерін пайдалана отырып сатып алу ақысын төлеу (дебеттік төлем карточкалары үшін) |
| Билетиер | 4 % | | Мобильді қосымшасында "билеттер" бөлімінде сатып алу ақысын төлеу |
| Кафе және мейрамханалар | 5 % | 5814*** | Жылдам тамақтану мейрамханалары (Fast Food), кофеханалар |
| | | 5462 | Нан-тоқаш өнімдері, кондитерлік өнімдер |
| | | 5441 | Кондитерлік дүкендер |
| | | 5811 | Азық-түлік жеткізушілері |
| | | 5812*** | Кафе, мейрамханалар |
| Тамақ жеткізу | 5 % | 5813 | Барлар, дискотекалар, түнгі клубтар мен таверналар |
| | | 5812**** | Дайын тағамды мейрамханалар мен кафелерден курьермен онлайн режимінде тапсырыс беру арқылы жеткізу (e-com сатып алулары) |
| Балаларға арналған тауарлар | 5 % | 5814**** | |
| | | 5641 | Балалар киімдері, керек-жарақтары мен аксессуарларының дүкендері |
| Такси**** | 7 % | 5945 | Ойыншықтар, ойындар және хобби тауарларының дүкендері |
| | | 4121 | Автомобильдерде және такси қызметтерінде жолаушыларды тасымалдау қызметтері. |
| | | 4784 | Жолдарда, трассада және көпірлерде жүру ақысына сәйкес келетін төлемді жинайтын сауда нүктелері. |

** Банк алдын ала белгілеген сатып алу Категориясы барлық Деңгейлерге қолданылады

*** Интернетте жасалған МСС деректеріндегі сатып алу төлемдерін қоспағанда (e-com сатып алулары)

**** Физикалық төлем терминалы арқылы жасалған МСС деректеріндегі сатып алуларды қоспағанда (e-com сатып алуларында)

***** Жоғары бонус алу үшін осы санат 1-кестеде таңдалған жағдайларды қоспағанда

| | | | |
|-----------------------------|------|--|--|
| Кино және музыка онлайн**** | 15 % | 5815 4899 5968 7841 5818 5735 | Фильм және музыка қызметтері: Megogo, Netflix, Amedia, Amediateka, Ivi.ru, Yandex plus, Spotify, Apple music и пр. |
| Ойын қызметтері***** | 10 % | 5817 | Цифрлық тауарлар-қосымшалар |
| | | 5816 | Цифрлық тауарлар-ойындар |
| | | 5734 | Бағдарламалық қамтамасыз ету |
| | | 5818 | Цифрлық тауарлар-мультикатегория |
| Үй жануарлары | 5 % | 0742 | Ветеринарлық қызметтер |
| | | 5995 | Зоодүкендер |
| Білім беру | 5% | 8211 | Мектепке дейінгі/мектеп ұйымдарының қызметтері |
| | | 8220 | Колледж, университет қызметтері |
| | | 8241 | Сырттай мектеп қызметтері |
| | | 8244 | Білім беру мекемелерінің қызметтері: бизнес және референттік |
| | | 8249 | Кәсіптік-техникалық мектептің қызметтері |
| | | 8299 | Білім беру мекемелерінің қызметтері: мектептер мен білім беру |